

"Түзеу мекемелері ішкі тәртібі ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы N 148 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Әділет министрінің 2002 жылғы 20 қарашадағы N 167 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 12 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2083. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 29 наурыздағы № 182 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2012.03.29 № 182 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

" К Е Л І С І Л Д І "

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

Б А С П Р О К У Р О Р Ы

ДӘРЕЖЕЛІ МЕМЛЕКЕТТІК ӘДІЛЕТ

К Е Ң Е С Ш І С І

2002 жылғы 19 қараша

Қазақстан Республикасының "ЖҚТБ ауруының алдын алу туралы" Заңының 5 - бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Түзеу мекемелері ішкі тәртібі ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Әділет министрі 2001 жылғы 11 желтоқсандағы N 148 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Түзеу мекемелері ішкі тәртібінің е р е ж е л е р і н д е :

135 тармақ алынып тасталсын.

2. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Министр